

ПАНДЕМИЯ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ҚИЫНДЫҚТАРЫ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІ

Б.Т. Панзабек

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
e-mail: bagyla05@gmail.com

Мақалада пандемия жағдайында қашықтықтан оқытудың барысы, оқытушылар мен студенттер арасындағы оқу үрдісін ұйымдастырудың негізгі міндеттері айқындалып, оқытудың тиімділігінің сапасын арттыру мәселесі сөз болады. Қашықтықтан білім беру мүмкіндігін ұсынатын оқу орындарының барлығы бір-бірінен оқу үдерісі бойынша ерекшеленеді. Сонымен бірге білім беру мазмұны мен деңгейі, білім алушылардың саны мен құрамы, техникалық және қаржылай мүмкіндігі бойынша да сараланады. Осындай сан қырлы әрі күрделі мәселелерді жүзеге асыруда студенттердің білім дәрежесінің артуын және білім деңгейінің кенейтілуін көздейді. Пандемия барысында білім беру технологиялары қажеттілігі туындап, қашықтықтан оқытудың тиімді көшбасшылық мүмкіндіктерін пайлануға, мәдени құндылықтарға назар аудару керектігі анықталады.

Мақалада қашықтықтан оқыту қазіргі заман талабы екендігі, оны ұйымдастыруда қашықтықтан және аралас оқытудың артықшылықтары мен кемшіліктерін ескере отырып, электрондық материалдар, технологиялар, қашықтан оқытудың дидактикалық жасалымы, педагог-үйлестірушілерді дайындау қажеттілігі туындайтындығын көрсетеді.

Түйін сөздер: қашықтықтан оқыту, аралас оқыту, пандемия, мүмкіндіктер, көшбасшылық, біліктілікті арттыру, цифрландыру, талдау.

Кіріспе

COVID – 19 пандемиясы бүкіл әлемде қашықтықтан білім берудің өзгеруіне, дамуына түрткі болды. Білім ордалары осы індетке байланысты тез шешімдер қабылдауға және білім беру мақсаттарын қалай жүзеге асыру керектігіне, қашықтықтан білім берудегі теңдікті қамтамасыз етуді зерттеуге кіріскендігі мәлім. Дағдарыстың қазіргі тәжірибесі білім беру парадигмаларының трансформациясы мен инновациясының мүмкіндіктеріне айналуда. Жоғары оқу орындары осы сәтте цифрлық қайта құрулармен қатар оқу бағдарламаларын да қашықтықтан оқытумен сәйкестендіріп отыр.

Қашықтықтан оқыту – уақыт пен кеңістік белдеулерінен тәуелсіз, телекоммуникациялық сипатқа ие, ақпарат пен білімнің өзара қатынас аймағы, оқытушы мен білім алушы арасындағы сұхбатты ұйымдастыру, білім берудегі біртұтас ақпараттық жүйені құру. Білім беру жүйесінде қашықтықтан интерактивті қарым-қатынас орнату үшін интернет жүйесін пайдалануға негізделген желілік технологиялар қажеттілігі туындайды. Оның маңыздылығы қашықтықтан оқыту арқылы білім алушының шығармашылық ізденістерін арттыру, білім деңгейін көтеру.

Қазіргі кезеңде қашықтықтан оқытуды білім берудің жаңа формасы деп қарастыру қажет. Әйтсе де оқу жүйесінде әлі жетілдіруді қажет ететін оқу түрі екендігі мәлім. Қашықтықтан оқыту мақсат пен мазмұн негізінде құрылады. Педагогикалық жобалау кезеңдерін теориялық, әдістемелік тұрғыдан мағыналы етуді ұсынады. Қашықтықтан оқыту білім алушы әрекетінің нақты жоспарлануын, ұйымдастырылуын, оқыту мақсатының айқын қойылуын, оқытушы мен білім алушы арасындағы интерактивтілікті қамтамасыз ететін оқу материалдарының берілуін, оған кері байланыс жасалуын талап етеді.

Қашықтықтан оқытудың әлемдік деңгейде үздіксіз білім беру жүйесінде өзіндік модельдері де қарастырылады.

Экстернат түрінде оқыту – белгілі бір себептермен күндізгі оқу орнында оқи алмайтын білім алушыларға арналған мектептің немесе ЖОО-ның емтихан талабына ыңғайластырылған оқыту түрі.

Бір университет базасында оқыту – компьютерлік телекоммуникация мен ақпараттық технологиялар арқылы қашықтықтан оқылатын студенттерге арналған жалпы оқу жүйесі.

Бірнеше жоғарғы оқу орындарының бірігіп жұмыс істеуіне негізделген оқыту – кез-келген шетелдік колледждер мен университеттердің оқу базасымен бірігіп білім алу мүмкіндігі.

Білім алушыларды әр бағытта ашық немесе қашықтықтан оқыту – арнайы курстар арқылы оқуға құрылған тәуелсіз білім беру мекемесі. Сонымен бірге өз уақытысында түрлі себептермен оқуын аяқтай алмай қалған үлкендер үшін кіріктірілген қашықтықтан оқыту модельдері бар.

Қашықтықтан оқытудың модельдерінің ішінде бір университет базасында оқыту – іс жүзінде мектепте де, колледждер де, университеттерде де жүзеге асырылып отырған оқу жүйесі. Қазақстанда қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу үрдісін ұйымдастыру қағидалары «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 25 тармақшасына сәйкес білім беру ұйымдарында қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру тәртібі айқындалған. Арада бірнеше рет өзгертулермен аталған заң және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы негізінде пандемия жағдайын ескере отырып "Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы № 374 бұйрығына сәйкес өзгертіліп, оң өзгерістер болуда [1; 1]. Қазақстанда оқу үдерісінде қашықтықтан оқыту технологиясын қолдана отырып білім беру мақсатында 2012 жылы 15 тамызда Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетінде Қашықтықтан оқыту факультеті құрылды. Қашықтықтан білім беру мүмкіндігін ұсынатын оқу орындары білім беру мазмұны мен деңгейімен, білім алушылардың саны мен құрамымен, техникалық, қаржылай мүмкіндіктерімен ерекшеленеді. Әлемдегі дамушы елдердің жоғары оқу орындары қашықтықтан оқыту технологиясымен жұмыс істеуге әлдеқашан өтіп кеткені белгілі. Қашықтықтан оқыту арқылы білім алу мүмкіндігі алғаш рет 1836 жылы Лондон университеті құрылған кезде оқытыла бастады. Оқулықтар мен тапсырмаларды, емтихан сұрақтарын қашықтықтан оқитын студентке пошта арқылы жіберіп, кері байланыс орнатылып отырды. Еуропада қашықтықтан оқыту дами бастап, ашық университеттер де құрыла бастады. Дамыған білім жүйесі нәтижесінде пандемия кезінде қашықтықтан оқыту қиындықсыз жалғасын тапты.

Қазақстан білім жүйесінде қашықтықтан оқыту пандемия тұсында қарқын алды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылдың 16 наурызынан бастап Қазақстан Республикасы халқының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында төтенше жағдай енгізген болатын. Соған сәйкес еліміздің әр азаматының білім алуына, ақпарат алуына, құқықтарын іске асыруға қашықтықтан оқу негізінде білімін, біліктілігін арттыруға мүмкіндік берді. Жаңа ақпараттық технологиялар және компьютерлік желі арқылы жаңа білім әдістерін пайдалану кеңінен қолданылып келеді.

Әдебиеттерге шолу

Қазіргі кезде қашықтықтан оқыту барысындағы қажетті оқу материалдары болғанымен, қашықтықтан оқыту курстары және бағдарламаларының болуы, оқытудың тиімді әдіс-тәсілін жасауы, жобалауы, арнайы электрондық курстар мен үйірмелердің ашылуы, педагог-координаторларды дайындауы, алыс-жақын шет елдердегі қашықтықтан оқытудың іс-тәжірибесін оқып үйренудің дереккөздері өз деңгейінде қарастырылмаған. Зерттеу барысында пандемияға дейін, оның шектеулерінен тыс заманауи өзгерістерге байланысты, жедел ақпараттандыру мен білімге қойылатын талаптардың өзгеруіне байланысты бірқатар еңбектер жарияланған. Ондағы шешілмеген түйінді мәселелердің мынадай бөлігін ескеру керектігіне тоқталады. Қашықтықтан оқытудың бағдарламасын, тұжырымдамасын қайта құрастыру, нормативтік-құқықтық негізін дайындау және әдістемесін жасау. Одан өзге білім беру үдерісіне қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды енгізу білім беру сапасын көтеру ісіне шынайы мүмкіндіктер әкелетіндігіне тоқталады [2; 146].

Еліміздегі білім беру парадигмасының өзгеріп, жаңа ұлттық модельдің қалыптасуы – болашақта жаңаша ойлайтын, дүниеге көзқарас мәдениеті мен санасы дамыған ұрпақ тәрбиелеу. Осы мақсатта білім сапасын түрлендіруге, реформалауға жаңа маман даярлау, көшбасшы ұстаз қалыптастыру олардың біліктілігін арттыру – маңызды мәселелер. Біліктілікті арттыру оқытушының кәсіби дамуының міндетті шарты болып табылады. «Өрлеу» Ұлттық біліктілікті арттыру орталығы 2012 жылдан бастап біліктілікті арттыру жүйесін жаңғыртуға үлес қосты. Азаматтардың білім алудағы қажеттіліктерін арттыру мақсатында қашықтықтан оқытуды қолжетімді етті. «Өрлеу» Ұлттық біліктілікті арттыру орталықтарында ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2010 жылғы 13 сәуірдегі №169 бұйрығымен бекітілген «Оқу процесін қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша ұйымдастырудың Ережесі» негізінде педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстары Ережесі жасалынып, ғылыми кеңесте бекітілді. Қашықтықтан оқыту курстарында оқытушылар мен әдіскерлер өзінің кәсіби шеберліктерін арттырып, жаңа деңгейлерді меңгерді [3; 14].

Әлемнің қай түкпірінде болса да өз бетінше білім алуға мүмкіндік беретін қашықтықтан оқыту жүйесі тиімділігімен ерекшеленеді. Технологияға негізделген оқытудың құралдары мен түрлерін, білім беру үрдісінде үздік дәстүрлі және инновациялық әдістерді қолданады. Білім алушы

жеке кесте бойынша өзіне ыңғайлы жерде оқуға мүмкіндік алады, кәсіби қызметпен қатар білім алуға, оқу үрдісінде ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың жаңа жетістіктерін пайдаланады, білім алушының мекен жайына, денсаулығына, элитарлық және материалдық жағдайына қарамастан теп-тең дәрежеде білім алуға мүмкіндік алады. Қашықтықтан оқыту технологиясында оқу-әдістемелік материалдармен білім алушының мақсатты және бақыланатын өзіндік жұмыстары жасалынады. Қашықтықтан оқытудың компоненттері мен әдістемелік тәсілдері оқытуды мүмкіндігінше ыңғайлы және тиімді етуге бағдарланған. Сонымен бірге оқыту барысында дәстүрлі оқыту түрінің барлық құндылықтарын сақтай отырып, жеке тұлғаның дамуына, жекелей өзіндік дайындыққа тікелей әсер етеді, мүмкіндіктерін көбейтеді. Зерттеулер барысында қашықтықтан оқыту жүйесін құру қағидаттары А.Қ.Бекболғанованың «Жаңа педагогикалық технологиялар» атты еңбегінде жүйелі талданып сипатталады. Еңбекте қашықтықтан оқыту қағидаттары былай анықталады:

- Оқытудың адамгершілік қағидасы;
- Қашықтықтан оқыту жүйесінде білім беру үрдісін жобалау кезінде педагогикалық көзқарастың басымдылығының қағидасы;
- Педагогикалық мақсатқа лайықты жаңа ақпараттық технологияларды қолдану қағидалары;
- ҚР Мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес білім беру мазмұнын таңдау қағидалары;
- Білім беру деңгейінің бастапқы қағидасы;
- Оқыту технологиясының сәйкестендіру қағидалары [4; 87].

Пандемия тұсында осы қағидаларды ескере отырып, оқыту барысын үйлестірді. Д.А.Капасова, Е.Б.Чекина бірігіп жазған «Электрондық оқулық арқылы қашықтықтан оқыту кезінде студенттің өзіндік жұмысын ұйымдастыру» атты мақаласында қашықтықтан оқыту барысында электронды оқулықтардағы тапсырмаларға, олардың жасалу жолдарына тоқталған. Білім алушыларға материалдарды пайдалануда жылдам әрі қолжетімді болатындығын атап өткен. Студенттердің жұмысын ұйымдастыруда қолданылатын негізгі техникалық ұсыныстарды қамтыған [5; 276].

ЖОО-да оқытушылар тәжірибелік нәтижелерге орай пәндік салаларда да қашықтықтан оқытудың заманауи білім берудегі маңызын және оның болашағын анықтап, студенттерге технологиялар мен әдістерді оқытудың тиімді тұстарын, оны қалай оқыту керектігін көрсетіп келеді [6; 125].

COVID – 19 пандемиясы білім беруде әлем бойынша өз қиындықтарымен оқыту мен оқуға әсер еткені белгілі. Осы тұста оқытушылардың да өздерінің оқыту стратегияларын қашықтықтан оқытуға бейімдеу керектігі анықталды, сараланды, зерттелді. Халықаралық деңгейде зерттелу нәтижесінде бір жыл көлемінде көптеген ғылыми-зерттеу мақалалары қазірге дейін жариялануда. Жоғары оқу орнындағы зерттеулер басылымында Bin Yang және Cheng Huang атты авторлар пандемиялық дағдарыс кезіндегі Қытай университетіндегі қашықтықтан оқу барысын мүмкіндікке айналдыру көздерін, тәжірибелерін, болашақ жоспарларымен бөліседі. Мақалада Қытайдағы Цинхуа Университетінің індетке қарсы іс-шаралар, білім берудегі курстар, білім беру мақсатын жүзеге асыру, аралас оқыту түрлерін жетілдіру, қашықтыққа байланысты әдістер мен технологияларды ілгерілету, студенттердің психологиялық-моральдық жағдайын тұрақтандыру, эпидемияны жеңуге сенім арттыру деген сияқты мәселелерді қарастырады. "Цинхуа университетінің басшылары оқу орындары дағдарысты жеңіп қана қоймай, дағдарысты мүмкіндікке айналдырып, жалпы реформа мен жоғары білімнің дамуын жеделдету үшін бар күшін салуы керек деп санайды. Мұндай "мәжбүрлі инновацияларды" COVID-19 пандемиясына жауап ретінде "эпидемияға қарсы дивидендке" айналдыру үшін жоғары білімнің өзгеруін тездететін білім беру мекемелері COVID-19 өршуі кезінде жүзеге асырылған білім беру инновациялары негізінде онлайн-білім берудің ұзақ мерзімді дамуына көп көңіл бөлуі керек» [7; 127] – дағдарысты білім беруді жеделдету үшін мүмкіндікке айналдыру керектігін нақтылайды. Сонымен бірге қашықтықтан оқыту кезінде нәтижелерге сәйкес оқытудың белгілі бір мөлшерде төмендеуі, ұзақ уақыт бойы зейін қоя алмау, білім алушылармен бірге пікірталастың жеткіліксіздігі сияқты мәселелер болғандығын дәлелдейді.

Қашықтықтан оқыту пандемия кезінде оқытушылардың белсенділігін, жоғары тәжірибелілігін талап етті. Осыған байланысты Бразилия ұстаздарының пандемия барысындағы тәжірибелерімен танысу барысында кейбір қиыншылықтармен қатар білім беру технологиялардың ішінде кейс-стади әдісін тиімді пайдаланғандығына көз жеткізілді. Бразилияның мемлекеттік және ақылы

мектептеріндегі ұстаздардың тәжірибелері салыстырмалы түрде көрсетілген [8; 208]. Ал Украина университеттерінде пандемия кезінде қашықтықтан оқыту, аралас оқыту жалпы ғылыми, нақты ғылыми және процедуралық-әдіснамалық тәсілдерге негізделеді. Студенттерді Zoom, Google Meet, Skype, Google Classroom және Moodle ақпараттық ресурстарымен оқытылғаны, виртуалды кітапхана жұмысы студенттерге үздіксіз қызмет жасағаны айтылады. Студенттермен нақты сабақтарда әдістемелік сипаттағы мәселелерді шешуде эмпирикалық талдау, педагогикалық бақылау өз нәтижесін бергендігі сөз болады [9;198].

Өзекті мәселені талдау

Қашықтықтан оқытуды оқу үдерісінде зерттеулер мен түсіндірулерде түрлі пікірлермен анықталып жатады. Онлайн оқыту мен қашықтықтан оқытуды қатар көрсетеді. Онлайн оқыту қашықтықтан оқытудың құрамдас бөлігі екендігін атап көрсету қажет. Сонымен бірге қашықтықтан оқытудың өзіне де анықтаманы оқу жүйесімен сәйкестендіріле айтылуы орынды. Нақтылағанда, қашықтықтан оқыту – оқытушы мен білім алушы ақпараттық технологиялар көмегімен қашықтықтан өзара әрекет ету арқылы білім алу формасы. Бұл білім алу формаларының құрылымы былайша жүйеленеді. Пандемия тұсында да осылай жүзеге асты.

Электронды оқыту – ақпараттық және электронды технологиялар көмегімен оқыту;

Онлайн оқыту – нақты уақыт режимінде электронды оқыту;

Мобильді оқыту – мобильді құрылғыларды пайдалана отырып оқыту;

Аралас оқыту – күндізгі оқыту мен қашықтан оқыту элементтерін кіріктіре отырып оқыту;

Синхронды және асинхронды оқыту; Синхронды оқыту – нақты уақыт режимінде қазір және осында қағидасы бойынша жүзеге асырылады. Асинхронды оқыту – ақпарат алмасу уақыт бойынша әртүрлі уақытта жүзеге асырылады.

Пандемия жағдайында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде білім беру әрекетін жүзеге асыру шарттарын қамтамасыз ететін электронды ресурстар жүйесін ақпараттық білім беру орталары қамтамасыз етеді. Олар онлайн курстар және білім беру бағдарламалары және қашықтықтан оқыту жүйелері. LMS (Learning Management System) – электронды оқыту барысын әкімшілік және техникалық қолдауға негізделген оқытуды басқару жүйесі және CMS (Content Management System) – кез келген мазмұнды құру, сақтау, жинақтау мен жеткізуде қолданылатын жүйелері болып табылады.

Ал қашықтықтан оқыту мүмкіндіктеріне келер болсақ, негізгісі алдымен оқыту қолжетімді болу керек, ол шексіз білім ресурстары болу маңызды, кез келген уақытта оқи алу керек, жеке жоспар бойынша оқу керек, кез келген жаста оқи алу керек және барлық білім алу үшін мүмкін болу қажет. Карантин шектеу шаралары ЖОО-да енген жағдайда мүмкіндіктердің аясы кеңейе түсуі де заңды. Оқытушыларға өзіне ыңғайлы уақыттың кестесін қою, оқытуға кететін экономикалық жалпы шығыны 40 пайызға кемитіндігі айтылады. Пайдалы курстар мен семинарларды жиі ұйымдастырудың артықшылығы алыс-жақын шетел зерттеуші-ғалымдарымен онлайн бағдарламалардың өткізілуі маңыздылығын дәлелдеді. Сонымен бірге университеттерде де жаңа электронды нұсқада білім алуға арналған материалдық-техникалық базасы қалыптасады. COVID-19 пандемиясының аясында әр университет басшылығы өз оқу орнының құрылымына қайта қарауға маңызды мүмкіндіктері бар. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті де білім алушыларға 2012 жылдан бастап қашықтықтан оқыту технологиясы арқылы үзбей, шектеусіз, ыңғайлы режимде қызмет етіп келеді. Қазірге дейін жалғасып келе жатқан пандемия жағдайында да алуан түрлі қиындықтарды жеңе отырып, мамандық бойынша қашықтықтан оқу бағдарламасын игеруге мүмкіндік алып келеді.

Пандемия жағдайында мүмкіндіктермен қатар кемшіліктер мен қиындықтар да орын алуға. Цифрландыру жағдайында елдердің қашықтықтан білім беру жүйелерінің таралуы тең емес, оқу әрекетін дұрыс жоспарлау барысында қателіктерге жол бермеу, практикалық жұмыстарды ұйымдастырудағы қиындықтар, жеке тұлғаның өзін-өзі басқарудың жоғары талабы, интернетке тәуелділік, желіде отыратын уақыттың көптігі, т.б.

Зерттеу мақсаттары мен міндеттері

Қашықтықтан оқыту технологиясын қолдана отырып білім берудің мақсаты – сапалы білім беруде азаматтардың мүмкіндігін кеңейту, олардың білім қажеттіліктерін тұрғылықты жеріне, әлеуметтік жағдайына, жасына, денсаулығына және басқа себептеріне қарамастан қамтамасыз ету. Аталған мақсаттар негізінде пандемия жағдайында оқытушының қызметі, оның міндеті зор.

Мәселен, сабақ барысында мақсат пен міндеттерді қою, ұйымдастыру қызметі, білім алушылардың арасында өзара байланысты ұйымдастыру, туындайтын мәселелерді шешу, білім, тәжірибелерді беру, оқу процесін бақылау. Білім алушылар сәйкесінше өз бетінше оқытудың техникасы мен әдістемесін, жоғары деңгейде білімді толықтыру негіздерін меңгеруі қажет. Бірыңғай білімді ақпараттандыру ортасын дамытуға, жоғары технологиялы оқу үдерісін қолдау үшін білім порталдары, білім сайттары тиімді құрал болып саналады. Оны жүйелі түрде түрлі жанартулармен білім алушыларға сала бойынша ұсынып отыру қажеттілігі байқалады. Қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалана отырып, оқу үдерісінің міндеттері де айқындалады. Бастысы – оқытудың сапасын арттыру, оқытуды даралап оқыту, нысанға байланысты түрлі білім беру қызметін ұсыну, білім деңгейін кеңейту, білім алушының білім дәрежесін көтеру. Қашықтықтан оқыту жүйесінің тағы бір мақсаты – жеке адамды интеллектуалды дамыту, ақпаратпен жұмыс жасай білуге үйрету.

Зерттеу әдіснамасы

Қашықтықтан оқыту технологиясы пандемия жағдайында да әдістерді пайдалануда тиімді қолданса, табысты нәтиже жете алады. Еліміздегі барлық жоғары оқу орындары індет кезінде тек онлайн оқыту жүйесімен оқытылса, карантин шаралары жеңілдетілген тұста аралас оқытуды қазірге дейін жүзеге асырып отыр. Оқу үдерісінің алға жылжуын қамтамасыз ету үшін оқытушылар құрамы үздіксіз түрлі бағдарламалардағы оқыту курстарын, семинар-тренингтерді өткізіп отырды. Сонымен бірге синхронды және асинхронды оқытудың тиісті артықшылықтары мен кемшіліктері туралы әр кез ой қозғалып отырды. Жалпы синхронды оқыту әртүрлі уақыт белдеулеріне байланысты, интернет желісінің әлсіздігіне байланысты әрдайым тиімді бола бермейтіндігі және шектеулер туғызуы мүмкіндігі тәжірибеде көрсетіліп жүр. Ал асинхронды оқыту бір жағдайлар орын алып жатса да нақты уақыт шектеуінде тапсырмасын аяқтай алмайтын білім алушылар үшін едәуір ыңғайлылық тудырады. Асинхронды оқыту студенттерге бақылау жасауға және жоғары деңгейлі оқыту жүргізуге мүмкіндік береді.

Пандемия жағдайында әділ онлайн емтихандарды ұйымдастыру тәсілі де маңызды мәселеге айналды. Электронды емтиханға деген студенттар көзқарасы әртүрлі, нақты зерттеуді талап етеді. Педагогика саласы бойынша икемді, қауіпсіздік тұрғысынан тиімді, баға қою жағынан сенімді, емтихан процесіне жұмсалған уақыт және күш, сонымен бірге қаражаттың үнемделуі салыстырмалы түрде артықшылықтарға ие болып отыр. Ал емтиханға қатысушылардың электронды емтиханда жиынтық бағалаудың қолайсыздығы, интернет желісінің дұрыс жұмыс жасамауы, тағы басқа өзге де қиындықтар анықталуда.

Қашықтықтан білім беру сапасын қамтамасыз ету тиімді технология-әдістерге байланысты және оны қолдану уақыт талабы екендігі даусыз. Олардың негізгілерін атап өту маңызды.

Электронды оқулықтар арқылы қашықтықтан оқыту ұйымдастырушылық пен психологиялық-педагогикалық шарттарды анықтайды, электронды оқулыққа деген қажеттіліктерді ашады. Әр мекеменің білім беру қызметтері нарығында электронды оқулықтардың қолжетімді болуы, материалдық-техникалық, оқу-әдістемелік базаның қамтамасыз етілуі орынды болмақ.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту дәстүрлі білім беру саласында оқытылғандай, қашықтықтан оқытуда да маңыздылығын арттырып келеді. Әлемдік деңгейде ғылыми-зерттеу жұмыстарында да қызу талқыға түсіп отырады. Онлайн оқу кезінде студенттердің оқулықтағы тапсырмаларды орындау барысында, онлайн пікірталастар аясында, интерактивті тапсырмаларды орындау кезіндегі сұрақтарға жауап беру нәтижелері сыни ойлау қабілеттерінің көрсеткіштері болып бағалануына негізделген. Сонымен бірге мақалада қашықтықтан оқытудың үш түрлі моделін ұсынған. Оқу бағдарламасы арқылы кітапханалық іздеуді іске қосуға арналаған тапсырмалар, онлайн оқулықтар арқылы оқыту, сұхбат, пікірталастар білім алушыларды сын тұрғысынан ойлауға жетелейтіндігі айтылады. Осы нәтижелер арқылы сын тұрғысынан ойлау қабілетін көрсететін құзіреттіліктерге қол жеткізетіндігін көрсетеді [10; 166]. Сыни тұрғыдан ойлау туралы маңызды ой-пікір қалыптастырған төмендегі мақаланың да жөні бөлек [11; 8-19].

Кейс стади әдісі – білім алушылардың креативті ойлауын дамытатын технология. Ол білім алушыларға пәнді оқуға, ақпаратты талдауға және түсіндіруге, саралауға, зерттеуге, ойлана алуға, психологиялық жағдайлардан шыға алуға, қорыта алуға үйретеді. Қашықтықтан оқытудың оқу үдерісінде де кейс стади әдісі оң нәтижеге қол жеткізе алатындығын көрсетуде. Бұл әдіс позитивті мотивацияны қалыптастырады, танымдық қызығушылығын арттырады, білім алушының құзіреттіліктерін қалыптастырады. Сонымен бірге «Кейс стади әдісін қолдану шешендік қабілеттерін, қарым-қатынас дағдыларын, көшбасшылық қасиеттерін және басқаларды дамытады» - деп зерттеуші

ғалымдар толықтырып көрсетеді [12; 217]. Кейс стади әдісінің проблемалық жағдаятты тиімді жолмен шешуде оңтайлылық танытып жүр. Н.Ж.Құрман, Б.М.Айтбаева өз мақалаларында қашықтықтан оқыту барысында жағдаятты талдаудың бірнеше түрде қолданатындығын көрсетеді. Құрылымдық, семантикалық, проблемалық, жүйелік, болжалдық, праксеологиялық талдаулар түрлерінің бар екендігін айта келе, олардың тиімділігін атап өтеді. Кейс әдісінің құрамындағы әрбір компонент болып тұрған әдістердің атқаратын өзіндік функциялары бар екендігін талдайды [13; 234]. Оқу үдерісінде жоғарыда көрсеткен әдістерден басқа мотивация, кері байланыс әдістері де қашықтықтан оқытудың маңызды, айнымас бөлігі екендігін айта кеткеніміз жөн.

Зерттеу нәтижелері

Оқытушылар құрамы желіде еркін жұмыс жасау үшін міндетті түрде ақпараттық ресурстарды пайдалана алу сауаттылығы болу керек. Осы күрделі мәселелерді жүзеге асыруда қыруар міндеттер жүктеледі. Оқу процесін бақылайды, мақсат пен міндеттерді қояды, білім алушылардың өзара байланыстарын ұйымдастырады, білім, әдіс-тәжірибелерді береді, туындайтын мәселелерді қарастырады, т.б. Жобасы ретіне қарай шешіліп те келеді. Оқытушылардың қызметін пандемия кезі қашықтықтан оқытуда психологиялық көтеру арқылы жақсартуға болатындығы нақтыланып келеді. Бұл аталған мәселелер білім алушылармен бірлікте ұйымдастырғанда ғана жақсы нәтиже бермек.

Студенттерде көшбасшылықты дамытуға байланысты жоғары оқу орындарында көптеген бағдарламалар жасалған. Нақты тұжырымдамалық негіздер мен педагогикалық тәсілдер болмаса, бұл бағдарламалардың ары қарай жұмыс істеуі қиындау болатындығы белгілі. Осы негізде көшбасшылықтың дамыту бастамаларын бағдарламалар арқылы сапа кепілдігін кеңейтетін нұсқаулықтары бар инклюзивті орта ұсынған. Автор тәжірибеде оң нәтижесін беріп, грант иеленіп, үкіметтік білім беру және оқыту департаменті мақұлдаған көшбасшылықтың жүйесін құра білген [14;109]. Зерттеу барысында пандемия жағдайында психологиялық механизмдерді реттейтін трансформацияланған көшбасшылықтың да қажеттілігін атап өткен жөн. Ол мотивацияға, нәтижеге әсер етеді.

Университет басшылары білім беру ұйымдары дағдарысты басқарып қана қоймай, дағдарысты мүмкіндікке айналдырып, жоғары білім берудің жалпы реформасы мен дамуын жеделдету үшін барлық күш-жігерін салуы керектігі байқалады. COVID-19 пандемиясы кезінде іске асырылған білім беру инновациясы негізінде қашықтықтан білім беруді ұзақ мерзімді дамытуды іске асыру маңызды болмақ.

COVID-19 пандемиясы жағдайындағы қашықтықтан білім берудің тағы бір артықшылығы білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастықты арзан бағамен ілгерілету екенін көрсетеді. Ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарымен және әртүрлі елдердегі білім беру мекемелерінің ынтымақтастығымен халықаралық қашықтықтан білім беру платформасын құрудың болашағы зор. Қашықтықтан алғашында курстық оқыту қызметтерін орындаса, біртіндеп сертификаттық, дипломдық бағдарламаларды дамыта алады. Ең бастысы қашықтықтан оқытудың білім беру жүйесін жобалаған кезде педагогикалық көзқарастың үстемдігінің қажеттілігін ескеру қажет [15; 28].

Пандемия жағдайында білім алушыларды онлайн режимде тәрбиелеу оңай емес. Ол үшін алдымен білім алушылардың бойындағы аналитикалық ақыл-ойды тәрбиелеу керек. Ұлттық құндылықтарды студенттердің бойын сіңіру қажет, оларға қолдау көрсету керек, білім алушылардың академиялық дағдыларын, сыни ойлауын дамыту керек. Жалпы жоғары оқу орындары сауатты көшбасшыларды қажет етеді.

Қорытынды

Қашықтықтан оқыту барысында қиындықтарды еңсеріп, мүмкіндіктерді пайдалану жағдайында нақты нәтижеге жету үшін білім алушы мен оқытушы өз міндеттерін мінсіз орындауы қажет. COVID-19 пандемиясының салдары жоғары білім беру жүйесіне белгілі бір деңгейде әсер етіп отыр. Университеттердің қашықтықтан білім беру жүйесі білім алушыларға үздіксіз, ыңғайлы оқу бағдарламасын барлық жағдайда ұсына алатындығын және ұзақ мерзімді оқу жоспарын құра алатындығын көрсетіп отыр. Жалпы айтқанда, қашықтықтан оқыту, онлайн қызметтер, платформалар және сандық білім беру ресурстары жоғары білім жүйесінің маңызды бір бөлігі болып қала бермек. Қашықтықтан білім беру технологиясының жоғарғы мақсаты да білім сапасын көтеру екендігі анық.

Пайдаланған әдебиеттер

1. "Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы № 374 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz>
2. Айтбаева Б.М. (2012) Қазақ тілін қашықтан оқытудың теориялық аспектілері // Bulletin. KazNU. Filology series. № 4 (138). 146-149 б.
3. Білім беру ұйымдарының басшылары мен мұғалімдерге арналған біліктілікті арттырудың қашықтықтан оқыту курстарын, оқыту семинарларын ұйымдастыру және өткізу бойынша әдістемелік ұсыныстар. Әдістемелік ұсыныстар. Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2017. – 129 б.
4. Бекболғанова А.Қ. (2013) Жаңа педагогикалық технологиялар: оқу құралы. Талдықорған. І.Жансүгіров атындағы ЖМУ. – 121 б.
5. Капасова Д.А., Чекина Е.Б. (2018) Организация самостоятельной работы студента при дистанционном обучении с помощью электронного учебника // Eurasian Journal of Philology: Science and Education. №4(172). С.273-278
6. Omarova G.N., Koken L., Knol M.V. (2019) Distance learning foreign languages in a non-language university // Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы. Алматы: «Қыздар университеті», № 2 (78). P. 124-128
7. Bin Yang & Cheng Huang (2021) Turn crisis into opportunity in response to COVID-19: experience from a Chinese University and future prospects. Studies in Higher Education, Volume 46, Issue 1. P. 121-132
8. Halpern C. (2021) Distant Learning: The Experiences of Brazilian Schoolteachers during the COVID-19 School Closures. Journal of Ethnic and Cultural Studies. Vol. 8, No. 1, 206-225. ISSN: 2149-1291.
9. Hrydzhuk O., Struhanets L., Struhanets Y. (2021) Information technologies in language education during the COVID-19 pandemic. XLinguae, Volume 14, Issue 1. P.197-211
10. Rahayu U., Sapriati A. (2018) Open Educational Resources Based Online Tutorial Model for Developing Critical Thinking of Higher Distance Education Students. Turkish Online Journal of Distance Education. 19 (4), P. 163 – 175.
11. Уиллингем Д.Т. (2007) Сыни тұрғыдан ойлау: неге үйрету қиын? Американдық тәрбиеші, 31, 8-19. http://www.aft.org/sites/default/files/periodicals/Crit_Thinking.pdf.
12. Уркинбаева Д., Омаш Д.Ш. (2019) Кейс әдісін пайдалану арқылы студенттердің құзыреттіліктерін дамыту // Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы. № 2 (78). 215-218 бб.
13. Құрман Н.Ж., Айтбаева Б.М. (2020) Қазақ тілін жоғары оқу орындарында қашықтан оқыту жүйесінде кейс-технологияны әзірлеу және қолдану жолдары // Ш. Уәлиханов атындағы КМУ хабаршысы. Филология сериясы. № 1.
14. Skalicky J., Pedersen K.W., van der Meer J., Fuglsang S, Dawson Ph., Stewart S. (2020) A framework for developing and supporting student leadership in higher education. Studies in Higher Education. 45(1), pp. 100-116.
15. Сергазинова Э.С., Онгарбаева А.Д., Есимбекова А.Ж. (2012) Қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша білім берудің ерекшеліктері // Жансүгіров атындағы ЖМУ Хабаршысы. № 4. 27-31 б.

References

1. "Kashykyktan bilim beru tekhnologiyalary bojnynsha oku proczesin ujymdastyru kagidalaryn bekitu turaly" Kazakstan Respublikasy Bilim zhane gylm ministrinin 2020 zhylygy 28 tamyzdagy # 374 bujrygy. <https://adilet.zan.kz> (In Kazakh)
2. Ajtbaeva B.M. (2012) Kazak tilin kashyktan okytudyn teoriyalyk aspektileri // Bulletin. KazNU. Filology series. # 4 (138). 146-149 b. (In Kazakh)
3. Bilim beru ujymdarynyn basshylary men mugalimderge arналган biliktilikti arttyrudyn qashykyktan okytu kurstaryn, okytu seminarlaryn ujymdastyru zhane otkizu bojnynsha adistemelik usynystar. Adistemelik usynystar. Astana: Y.Altynsarin atyndagy Ultyk bilim akademiya, 2017. – 129 b. (In Kazakh)
4. Bekbolganova A.Q. (2013) Zhana pedagogikalyk tekhnologiyalar: oku kuraly. Taldykorgan. I.Zhansygirov atyndagy ZhMU. – 121 b. (In Kazakh)
5. Kapasova D.A., Chekina E.B. (2018) Organizacziya samostoyatelnoj raboty studenta pri distanczionnom obuchenii s pomoshhyu elektronogo uchebnika // Eurasian Journal of Philology: Science and Education. #4(172). S.273-278 (In Russian)
6. Omarova G.N., Koken L., Knol M.V. (2019) Distance learning foreign languages in a non-language university // Bulletin of Kazakh State Women's Teacher Training University. Almaty: «Kyzdar universiteti», # 2 (78). P. 124-128
7. Bin Yang & Cheng Huang (2021) Turn crisis into opportunity in response to COVID-19: experience from a Chinese University and future prospects. Studies in Higher Education, Volume 46, Issue 1. P. 121-132
8. Halpern C. (2021) Distant Learning: The Experiences of Brazilian Schoolteachers during the COVID-19 School Closures. Journal of Ethnic and Cultural Studies. Vol. 8, No. 1, 206-225. ISSN: 2149-1291.

9. Hrydzhuk O., Struhanets L., Struhanets Y. (2021) Information technologies in language education during the COVID-19 pandemic. *Xlinguae*. 14(1). P.197-211
10. Rahayu U., Sapriati A. (2018) Open Educational Resources Based Online Tutorial Model for Developing Critical Thinking of Higher Distance Education Students. *Turkish Online Journal of Distance Education*. 19(4), P. 163 – 175.
11. Uillingem D.T. (2007) Syni turgydan ojlaw: nege ujretu kiyn? *Amerikandyk tarbieshi*, 31, 8-19. http://www.aft.org/sites/default/files/periodicals/Crit_Thinking.pdf. (In Kazakh)
12. Urkinbaeva D., Omash D.Sh. (2019) Kejs adisin pajdalanu arkyly studentterdin kuzyrettilikterin damyту // *Kazak memlekettik kyzdar pedagogikalyk universitetinin Khabarshysy*. # 2 (78). 215-218 bb. (In Kazakh)
13. Kurman N.Zh., Ajtbaeva B.M. (2020) Kazak tilin zhogary oku oryndarynda kashyktan okytu zhujesinde kejs-tekhnologiyany azirleu zhane koldanu zholdary // *Sh. Ualikhanov atyndagy KМУ khabarshysy*. Filologiya seriyasy. # 1. (In Kazakh)
14. Skalicky J., Pedersen K.W., van der Meer J., Fuglsang S, Dawson Ph., Stewart S. (2020) A framework for developing and supporting student leadership in higher education. *Studies in Higher Education*, 45(1), pp. 100-116.
15. Sergazinova E.S., Ongarbaeva A.D., Esimbekova A.Zh. (2012) Kashykyktan okytu tekhnologiyasy bojnsha bilim berudin erekshelikteri // *Zhansugirov atyndagy ZhMU Khabarshysy*. # 4. 27-31 b. (In Kazakh)

Трудности и возможности дистанционного обучения в условиях пандемии

Б.Т. Панзабек

Казахский национальный женский педагогический университет, г. Алматы, Казахстан
e-mail: bagyla05@gmail.com

В статье описан процесс дистанционного обучения в условиях пандемии, основные задачи организации учебного процесса между учителями и учениками, а также проблемы повышения качества эффективного обучения. Все учебные заведения, реализующие дистанционное обучение, отличаются друг от друга учебным процессом. Учебный процесс отличается в зависимости от содержания и уровня образования, количества и состава студентов, технических и финансовых возможностей. Выполнение столь многогранной и сложной задачи предполагает повышение уровня знаний как студентов, так и преподавателей. Во время пандемии существует потребность в образовательных технологиях, использовании эффективных возможностей лидерства для дистанционного обучения, особом внимании к культурным ценностям.

Исходя из того, что дистанционное обучение является современным требованием, и учитывая преимущества и недостатки дистанционного и смешанного обучения, вуз должен удовлетворять потребность в электронных материалах, технологиях, дидактических разработках дистанционного обучения, подготовке учителей-координаторов.

Ключевые слова: дистанционное обучение, смешанное обучение, пандемия, возможности, лидерство, профессиональное развитие, оцифровка, анализ.

Challenges and opportunities of distance learning in a pandemic

B.T. Panzabek

Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan
e-mail: bagyla05@gmail.com

The article identifies the process of distance learning in a pandemic, the main objectives of the organization of the educational process between teachers and students, and the issue of improving the quality of effective teaching. All educational institutions that offer distance learning opportunities differ from each other in the educational process. It also differentiates between the content and level of education, the number and composition of students, technical and financial capabilities. The implementation of such a multifaceted and complex task involves increasing the level of knowledge of students and expanding the level of knowledge. During the pandemic, there is a need for educational technology, the need to use effective leadership opportunities for distance learning, the focus on cultural values.

The article shows that distance learning is a modern requirement, taking into account the advantages and disadvantages of distance and mixed learning, there is a need for electronic materials, technologies, didactic development of distance learning, training of teachers-coordinators.

Keywords: distance learning, blended learning, pandemic, opportunities, leadership, professional development, digitization, analysis.

Редакцияға 22.02.2021 түсті